

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Дәмді әрі пайдалы

ЖАРИЯЛАНДЫ
06.02.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/29790/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сарғалиева Карлыгаш Халиевна

Сабақтың тақырыбы : Дәмді әрі пайдалы

Сабақтың мақсаты:

. Оқушылар дұрыс тамақтану ұғымымен танысады.Олар топта және жұпта сұрақтарды талдайды.

.Дұрыс тамақтанудың маңызы жайлы пікір алмасады.

Ұйымдастыру кезеңі:

Қонақ күту салтымыз,

Оқып- біліп жатырмыз.

Келген қонақ сіздерге,

Сәлем бердік жалпымыз.

Бір екі үш ,

Бойға жинап күш.

Жалқаулықты бастаймыз,

Біз сабақты бастаймыз.

Өткенге ой жүгірту.:

Сұрақ жауап

1 . Қазір қандай сабақ

2. Дүниетану пәнінде не үйренеміз?
3. Жыл мазгілдерін білесің бе?
4. Алғаш қазақ балаларына мектеп ашқан кім?
5. Жаяу жүргіншінің жолы не деп аталады?
6. Отбасының қорғаны кім?
7. Көкжиектің неше тұсы бар?
8. Алғашқы адамдар қайда пайда болған?
9. Сақ ханшайымы кім болған?

10 . Ол неше жасында атқа отырған?

11. Неше жасында ел билеген?
12. Ел рәміздерін ата?

13. «Бәйтерек» монументі Алматыда орналасқан ба?

14. Бие сүтінен не алынады?

15. Бүгін қандай атаулы күн?
16. Қандай ғарышкер ағаларымызды білеміз?

17. Ғарышкер жайлы өлең шумақтары

Топқа бөлу:

I- топ Алма. II- топ Банан .

III- топ Шие. IV- топ Алмұрт.

Сыныптың ұраны:

Бәріміз біріміз үшін, Біріміз бәріміз үшін.

Мұғалімнің сөзі:

Балалар бүгін быздің почтамызға SMS хат келіп түсті.

Оны күткен адамдар,

Ұзақ өмір сүреді.

Қадірін білген жарандар,

Байлық осы деседі.

Жауабы: (Денсаулық.)

Денсаулық дегеніміз не?

1.Күн тәртібін сақтау.

2.Белсенді дене шынықтыру.

3. Зиянды әдеттердің болмауы.

4.Тиімді тамақтану.

Мұғалімнің сөзі:

Тиімді тамақтану ол: Дәмді әрі пайдалы тағамдарды пайдалану.

Осы жайлы бүгінгі сабақта кеңінен тоқталамыз.

Оқулықпен жұмыс:

Русланның хаты

«Менің атым Руслан. Менің үнемі ішім ауырады. Анам мұның себебі дұрыс тамақтанбаудан дейді.Маған сендердің көмектерін қажет.»

Топтық жұмыс:

Русланның хатына жауап жазу.

Сергіту сәтін орындату;

Жұмбақ.

I- топ.

Іші толған шәрбат,

Дәмі қандай әйбат.

Үзесін бірден жүзін

Оның аты ———.

II- топ.

Піседі өзі дәл күзде,

Дәмі қандай әйбат.

Аузыңнан кетпес бал дәмі,

Оның аты —

III- топ.

Дөп -дөңгелек сары,

Ішінде бар дәні.

Қызығасың көріп,

Оның аты ———.

IV-топ.

Жапырақты тасалап,

Өсетін жері бақша бақ.

Күрең қызыл шіркін - ай.

Оның аты ———.

Жұмбақтың жауабында шыққан жемісті зеріттеу.

Ойын: «Кім жылдам?»

Көгөністердің пайдасы жайыл айту.

Сұрақ - жауап

Біз қай елде жасап жатырмыз?

Қазақ халқы қонақ жай халық болып келеді соған байланысты біздің елімізде

тағы қандай ұлт өкілдері жасайды?

Осы ұлттардың өлттық тағамдары жайлы не білеміз?

Мақал-мәтел:

Мұғалім сөзі:

Халық қуанышты да,қайғыны да дастархан басында бөліскен. Өсиет айту,бата беру,достасу бәрі де дастархан басында шешілген.Сондықтан да халық дастарханды «Құтхананың берекесі» деп қасиет тұтқан.

«Дастархан басында сақталатын ырым- тыйымдар»

Денсаулық әркімнің өз қолында.Денсаулықты адам баласына табиғат сыйлаған басты байлық. Денсаулықты жоғалту оңай,

қалпына келтіру қиын.Сондықтан адамның денсаулығының мықты болуы амамның өзіне байланысты. Жағымды, жағымсыз заттарды дұрыс тамақтану арқылы салауатты өмір сүруге болады.

Кері байланыс:

Бағалау.

Қорытынды:

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.